

## **Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 21 маусымдағы № 211 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 маусымда № 34553 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 18 бабының 34-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Арнаулы әлеуметтік қызметтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

*С. Жакупова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

Бұйрығымен бекітілген  
от 21 июня 2024 года  
№ 211

## **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар ) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 18-бабының 34-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу оларға қатысты жеке профилактика шаралары жүргізілетін адамдарды медициналық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету, бейімдеу және оңалту, сондай-ақ психологиялық, әлеуметтік және өзге де көмек көрсету, зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке және буллингке ұшыраған кәмелетке толмағандарды не олардың қатысуымен болған кәмелетке толмағандарды бейімдеу және оңалту жөніндегі үйлестіру мақсатында жүзеге асырылады жеке адамға қарсы құқық бұзушылықтар жасалды, сол сияқты оларға қатысты зорлық-зомбылық жасалған кәмелетке толмағандарға көмек көрсету бағдарламасын іске асыруда үйлестіру жүргізілді.

## **2 тарау. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу тәртібі**

3. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізуді "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-6 - бабының 2-тармағына сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - Жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

4. Ішкі істер органдарының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) күтіп-бағу жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің кәмелетке толмағандарды профилактикалық есепке қою туралы хабарламасы медициналық-әлеуметтік есепке қою үшін негіз болып табылады.

5. Медициналық-әлеуметтік есепке алу адамға арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж кезең ішінде, бірақ кемінде жеке профилактика шараларын жүргізу кезеңіне жүзеге асырылады.

6. Жергілікті атқарушы орган Ішкі істер органдарын есепке қою туралы хабарламаны алған күннен бастап медициналық-әлеуметтік есепке алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы мәліметтерді электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжатпен отбасын қолдау орталығына (бұдан әрі – Орталық) береді.

7. Орталықтың әлеуметтік қызметкері медициналық-әлеуметтік есепке алынған адамға және (немесе) оның заңды өкілдеріне осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес

медициналық-әлеуметтік есепке алу туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жібереді

Хабарлама қолма-қол тапсырылады не тапсырылғаны туралы хабарламамен бірге тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында жіберіледі.

8. Адамды медициналық-әлеуметтік есептен шығаруға Орталықтың Жергілікті атқарушы органға және ішкі істер органдарына осы адаммен жұмысты аяқтағаны туралы хабарламасы негіз болып табылады.

Медициналық-әлеуметтік  
есепке алуды жүргізу  
қағидаларына  
қосымша  
от 21 июня 2024 года  
№ 211

### Медициналық-әлеуметтік есепке алу туралы хабарлама

"Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ ішкі істер органдарын есепке алу туралы \_\_ "\_\_\_\_\_" 20\_\_ ж. хабарламасына Сіздің балаңыз \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ "\_\_\_\_\_" 20\_\_ ж. бастап \_\_ "\_\_\_\_\_" 20\_\_ ж. дейін медициналық-әлеуметтік есебіне алынғандығы жөнінде хабардар етеміз

Кеңес алу үшін Отбасын қолдау Орталығына хабарласуыңызды сұраймыз.

Сондай-ақ, хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Отбасын қолдау орталығының қызметкерлерімен тұрғылықты жері бойынша қажеттілікті бағалауды және айқындауды жүргізетін болады.

Алды: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (есепке алынған тұлғаның ата-анасы немесе заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) өкілдің қолы)

"\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл.